

Қытай қазақтары діни мәдениетін зерттеудің әдістемелік алғышарттары туралы

Қытай қазақтарының діни мәдениеті мәдениеттанудың бірінші бағыты аясынан гөрі екінші бағытында көп зерттеледі. Осы мақалада діни мәдениет Қытайдағы қазақ қоғамының әдебиеті, өнері, тілілік ерекшеліктерімен байланысты қаралады, дегенмен олардың діни мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы әлеуметтік аспектіде көп қарастырылады және діни мәдениеттегі құбылыстардың себептері мен маңыздылықтары Қытайдың экономикасы, әлеуметтік қатынастары мен саясаты тұрғысынан талданады.

Базалық ұғымдарының бірі – мәдениетке Э.Тайлор бойынша берілген анықтамада мәдениет адамның қоғам мүшесі ретінде жинақтайтын білімдері, сенімі, діни сенім өнері, мінез-құлқы, құқықтары, салт-дәстүрі және т.б. қасиеттері мен әдеттерінен тұратын тұтас кешен деп көрсетілген. Қазіргі кезде мәдениетке бес жүзден астам әртүрлі анықтама берілді, осы анықтамалар негізінде мәдениетті танудың түрлі әдіснамалық аппаратын жүйелеу талпыныстары болды, солардың ішінде мыналарды көрсетуге болады:

1) мәдениетті танудың *сипаттама* әдісі: мәдениеттің көрінісі болып табылатын оның жекелеген элементтерін (мысалы, діни әдет-ғұрыптар, шаруашылық түрлері және т.б.), әдетте толық емес жиынтықта санамалап көрсету;

2) *антропологиялық*: мәдениет дегеніміз адам әрекетінің нәтижесінде жасалған дүниеліктер мен өнімдер жиынтығы, басқаша айтқанда табиғаттағы дүниеге қарсы адам қолынан жасалған дүние;

3) *құндылықтық* әдіс: мәдениеттің мәнісін рухани және материалдық құндылықтар жиынтығының тұтастығы ретінде түсіндіреді;

4) *нормативтік*: мәдениеттің мазмұнын адамдардың өмірін реттейтін нормалар мен ережелер құрады деп есептейді;

5) *бейімделушілік* (адаптивті): мәдениетті адамдардың табиғат жағдайларына бейімделуінің ерекше әрекетінің жемісі ретіндегі өз мұқтаждықтарын қанағаттандыру тәсілдері деп таниды;

6) *тарихи*: мәдениет қоғам тарихи дамуының жемісі және адам тәжірибесінің ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыруы арқылы дамиды деп танылады;

7) *функционалдық*: мәдениетті оның қоғамда атқаратын функциялары арқылы сипаттайды және олардың тұтастығы мен өзара байланысын қарастырады;

8) *семиотикалық*: мәдениет қоғамның пайдалануындағы таңбалар жүйесі ретінде қарастырылады;

9) *символдық*: мәдениетті символдардың қолданылуына ерекше назар аударады.

10) *герменевтикалық*: мәдениетті зерттеудің басты жолы адамдардың шығарған және зерделеген көптеген мәтіндер болып табылады деп санайды;

11) *идеациялық*: мәдениетті қоғамның рухани өмірі, әдеуметтік жақта жинақталған идеялардың және рухани шығармашылықтың басқа да өнімдерінің ағымы ретінде сипаттайды;

12) *психологиялық*: мәдениеттің адам мінез-құлқы, әрекеті психологиясымен байланысын меңзейді, адам психикасының әлеуметтік негіздегі ерекшеліктерін қарастырады;

13) *дидактикалық*: мәдениетті адам баласының өз өмірінде үйренгені және гендік жолмен атадан мұраға алғаны деп таниды;

14) *әлеуметтанушылық*: мәдениетті қоғамдық өмірді ұйымдастырудың түрткіжайы, адамдардың ұжымдық әрекетін қамтамасыз ететін идеялар, принциптер, әлеуметтік институттар жиынтығы ретінде қарастыруды ұсынады.

Аталған әдістемелердің әрқайсысы жеке зерттеудің арқауы бола алады, алайда мәдениеттің болмысын толық ашу үшін олардың кешенді алынуы абзал деп көрсетеді ғалымдар. Дегенмен, біздің ойымызша, Қытайдағы қазақтардың діни мәдениеті негізінен *сипаттама, құндылықтық, тарихи, функционалдық және әлеуметтанушылық* әдістемелер тұрғысынан қарастырыла алады.

Мәдениет қоғамға қатысты белгілі бір қызметтерді атқаратыны сөзсіз. Мәдениеттанушы, қоғамтанушы ғалымдар **мәдениеттің** қоғамдағы бірнеше **қызметтерін** баса көрсетіп жүр. Олардың ішінде көп аталатындары бейімделушілік, коммуникативтік, құрмаластырушы (интегративтік), әлеуметтендіруші, ақпараттық қызметтер. Бұлардың Қытайдағы қазақтардың мәдениетіне қатысты қалай көрініс беретінін айтпас бұрын, өздерін нақтылап алу алға тартылды.

Мәдениеттің *бейімделушілік* қызметі адамның қоршаған ортаға бейімделуін қамтамасыз етеді. Егер мақлұкат (фауна) пен нәбатат (флора) өкілдері қоршаған ортаға өздері бейімделсе, адамзат өкілдерінің бейімделуі ерекше, адам баласы ортаға оның өзін, яғни ортаны өзгерту арқылы, демек жасанды орта туғызу арқылы бейімделеді. Адам баласының мәні жер бетінің кез келген нүктесінде бірдей болғанмен, шаруашылығы, дүниетанымы, қоғамдасуының түрлері жер-жерде табиғи ортаның ерекшелігіне қарай өзгеше болады. Бейімделу арқылы адам өзін рухани жақтан жетілдіріп, рухани сұраныстарын жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Мәдениеттің *коммуникативтік* қызметі адамның қарым-қатынасының шарт-жағдайы мен құралдарын қамтамасыз етеді. Мәдениет қарым-қатынас арқылы құрылады, ол адамдар қарым-қатынасының жағдайы мен нәтижесі болып табылады. Мәдениет адамдардың өзара қарым-қатынасының нәтижесінде туындайды, ол адамдардың қатысымының нәтижесі, бұл оның қарым-қатынас жағдайы екенінің көрсеткіші болса, мәдениет ішінде ғана қарым-қатынас құралдары – таңбалық жүйелер мен тіл туындайды, ал мұнысы мәдениеттің қарым-қатынас нәтижесі ретіндегі көрінісі болып

табылады. Тек қатысым арқылы ғана адамдар бір нәрсені жасауды, оны жетілдіруді, сақтауды, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуді үйренеді, демек мәдениет адамдарды байланыстырып біріктіре алады.

Мәдениеттің *құрмаластырушы* қызметіне оның халықтарды, тұтас халықтарды, әлеуметтік топтарды, мемлекеттерді жақындастыруы жатады. Қандай да бір мәдениетті тудырушы кез келген әлеуметтік топтың өзі осы мәдениет арқылы тұтасады. Себебі мұндай әлеуметтік топтың әрбір өкілінде ортақ құндылықтар, идеалдар, дүниетаным мен көзқарастар қалыптасады. Бұлар өз кезегінде өздерін белгілі бір мәдениетпен бірегейлендіретін оның өкілдерінің санасы мен мінез-құлқын қалыптасытрады, сөйтіп, талай ғасырлар бойы адамдардың тайпа, тайпалық одақ, ұлт болып қоғамдасып бірігіп өмір сүруінің алғышарттары жасалады, қоғамдық, тарихи жады түзіледі. Мәдени қоғамдастықтың кең көлемдісін әлемдік діндер құрайды. Бір Құдайға сенушілік ислам мен христиандық әлемді құрайтын әртүрлі халықтардың өкілдерін тығыз байланыстырады.

Мәдениеттің *әлеуметтендіруші* қызметінің арқауына индивидтерді әлеуметтік өмірге енгізуші, оларға әлеуметтік тәжірибені меңгертуші, өздерінің әлеуметтік топтары немесе рөлдеріне қатысты білімдер мен нормаларды, мінез-құлық пен құндылықтарды игертуші маңызды құрал екендігі алынады. Әлеуметтендіру үдерісі (процесс) жеке тұлғаның толыққанды қоғам мүшесіне айналуына, қоғамда белгілі бір орын иеленуіне, сонымен бірге дәстүр мен әдет-ғұрып талаптарына сәйкес өмір сүруге мүмкіндік тудырады. Сонымен қатар бұл үдеріс қоғамның сақталуына, оның құрылымы мен қалыптасқан өмір формаларын қамтамасыз етеді. Сонымен, мәдениет әлеуметтенудің мазмұнын, тәсілін және құралын айқындайды. Әлеуметтену барысында адамдар мәдениетте сақталған өзін ұстау, мінез-құлық бағдарламаларын игереді, соған сәйкес ойлауды, әрекет етуді, өмір сүруді үйренеді.

Мәдениеттің *ақпараттық* қызметі адамдардың жануарлардікінен жоғары деңгейдегі ақпаратты жеткізуші, сақтаушы, тасымалдаушы ерекше формаларына байланысты. Мәдениетте ақпарат адамнан тысқары құрылымдар арқылы кодталады. Басқаша айтқанда ақпарат өз алдына дербес өмір сүре бастайды және өзінше дамуға ие болады. Биологиялық ақпаратпен салыстырғанда әлеуметтік ақпарат оны тудырған адамның өлімінен кейін де жойылмай, сақталып қала береді. Осының арқасында адам қоғамында жануарлар әлемінде ешқашан мүмкін болмайтын ақпараттың тарихи сақталуы және көбеюі жүзеге асады.

Осы тұрғыда Қытайдағы қазақтардың (діни) мәдениеті бұл айтылған қызметтердің бәрінен көрінеді, алайда аталған қызметтер бірдей емес, әртүрлі деңгейде жүзеге асырылып жатады. Мәселен, *бейімдеушілік қызмет* бойынша мыналарды айтуға болады. Қытайдағы қазақтар көшпенділікке, малшаруашылығына икемділігі сияқты мәдениетінің ерекше белгілері арқылы тіршілік еткен ортасының әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістеріне қарай бейімделе өмір сүре білді. Алайда, қазіргі Қытайдың

жаппай қытайластыру саясаты мен қарыштап дамыған ғылыми-техникалық ілгерілеу (прогресс) үдерісінің жетістіктерін кеңінен қолдану арқылы өндіріс орындарын инновациялық техника мен технологияға бейімдеу, осыған сәйкес техника, жаратылыстану саласы мамандарына деген сұранысты арттыруы үрдістері (тенденция) талаптарына Қытайдағы қазақтардың малшаруашылығына негізделген және негізгі ошағынан оқшауланып қалған мәдениеті толықтай жауап бере алмай қалып отыр. *Әлеуметтендіруші қызметке* қатысты: Қытайдағы қазақтар мәдениетінің өкілдері ислам дініне сенетін Қытай территориясындағы басқа ұлттық субмәдениеттер өкілдеріне қарағанда Қытайдың саяси өміріне белсенді араласқанын куәландыратын статистикалық деректер көп, мәселен, Шынжаң автономиялық ауданында басқару орындарында лауазымды қызметте отырған қазақтардың саны олардың осы өлкедегі басқа аз санды ұлттар санына шаққандағы пайызынан әлдеқайда жоғары, *коммуникативтік* – негізгі отаны Қазақстаннан оқшау дамыса да, Қытайдағы қазақ мәдениетінің бұл қызметін атқарушы өзіндік құралдары – араб графикасына негізделген А.Байтұрсынұлының әліпбиі (төте жазу), баспасөзі, әдебиеті, БАҚ дамыды, *ақпараттық* – бұл мәдениет өкілдерінің жазушылары, ақындары, діни, қоғамдық қайраткерлері жасаған рухани құндылықтары жалпы қазақ мәдениетін ақпараттармен байытатын білімдер жүйесін құрады және *құрмаластырушы* – мүлде басқа дін ресми деп танылған, мәдениеті жағынан гетерогенді сипаттағы қытай ұлттың мемлекеті территориясында отырған Қытайдағы қазақтар өз діні арқылы басқа да ислам әлемі өкілдерімен бірегейленіп қана қоймай, сонымен бірге өз ұлтына да бірегейленеді. Сөйтіп, Қытайдағы қазақтар мәдениетінде аталған қызметтер түрліше көрініс бергені анық.

Қытайдағы қазақтардың мәдениеті басқа ел территориясында бірнеше тарихи кезең бойында оқшау (локалды) дамып қалған, перифериясында басқа әлеуметтік-саяси, экономикалық түрткіжайттардың ықпалына түскен, дегенменде өз бет-бейнесін, ядросын сақтап қалған қазақ ұлттық мәдениетінің бір көрінісі. Ал *ұлттық мәдениет* деген белгілі бір елдегі, мемлекеттегі адамдар қауымдастығының рухани өмірін сипаттайтын символдар, наным-сенімдер мен құндылықтардың жиынтығы. Лингвистикалық және этникалық жақтан біртекті мемлекетте бір ғана ұлттық мәдениет болады. Алайда жер шарының көптеген елінде бірнеше ұлттық мәдениеті болады, әдетте, бұл елдерде басым халықтың және ұлттық азшылықтардың мәдениетін ажыратады. Бұлардың арасында диалогтік қатынас немесе мәдени қақтығыс (конфликт) жағдайы болуы мүмкін. Ұлттық мәдениет ішінде *субмәдениеттер* ажыратылады. Бұлар – өмір сүру, ойлау мен мінез-құлықтың жалпыұлттық мәдени нормаларынан айрықшаланып тұратын жекелеген демографиялық немесе әлеуметтік қабаттар мен топтардың мәдениеттері. Қандай да бір қоғам мәдениетінің дамуында діни субмәдениет ерекше рөл атқарады, ол әлеуметтік топ өкілдерінің белгілі бір дінге сенуі негізінде қалыптасады. Әлемдік діннің әрқайсысы субмәдениеттің өзіндік түрін қалыптастырады. Сондай-ақ олардың өз ішінде де

субмәдениеттер жіктеліп шығуы мүмкін, мәселен, исламдық субмәдениет шеіттiк және сүнниттік ағымның субмәдениттеріне ажырайды.

Қытайдағы қазақтар мәдениеті лингвистикалық және этникалық жағынан әртекті мемлекетте ұлттық азшылық мәдениеті мәртебесіне ие. Сондықтан оның дамуы мен өркендеуі миноритарлық (солғын) сипатта болады. Қытай қазақтарының ұлттық мәдениетінің ішінде ислам діні негізіндегі діни субмәдениет ерекшеленеді. Бұл тұрғыда Қытайдың жалпы мәдениеті фонында қазақтар діндарлығының бар-жоқтығына қарамастан, исламдық діни мәдениеттің өкілдері ретінде қабылданатынын айта кету керек. Сонымен бірге кез келген дүнияуи идеологияның күштілігіне қарамасатан, қоғамдық санада, соған сәйкес әртүрлі қатынастарда, т.б. діни элементтер берік сақталатынын ескерсек, мәселен, қазіргі Қытай қоғамында атеистік идеология басымдық танытып, коммунистік ілім ресми түрде қолдау тауып отырса да, кез келген қазақ өз өмірінің туу (азан шақырып ат қою, т.б.), үйлену (неке қию, т.б.), өлу (жаназасын шығару, т.б.) сияқты елеулі кезеңдерінің өзінде діни әдет-ғұрыпты қолданады, Қытайдағы қазақтарды толықтай мұсылмандық діни субмәдениетті құраушы топқа жатқызуға болады.

Қытайдың басты ұлтының мәдениеті мен ұлттық азшылық субмәдениетіне жататын қазақтардың мәдениеті ұзақ тарихи кезең бойына жанама (параллель) кеңістіктерде дамығандықтан, бір-бірімен тоғыспайтын екі өмірлік әлемді құрайды. Алайда Қытайдың ұлттық саясатының қытайластыру үрдісінің ықпалымен қазақтардың мәдениетінің акультурацияға ұшырау қаупі бар. Егер ХХ ғасырдың 90-жылдарына дейін үстем мәдениет пен солғын мәдениет арасындағы қатынас құрмаластырушы (интеграция) сипатта болса, кейінгі онжылдықтарда ол басым (Қытай) мәдениеттің солғын мәдениетке (қазақ) қатысты басқыншылық позиция ұстануына қарай өзгерді. Осы тұста Қытайдағы қазақтардың діни субмәдениетіне де теріс әсер ететін факторлар көбеймесе, азайған жоқ.

Діни мәдениет дегеніміз қандай да бір діннің әсерімен қалыптасып, дамыған және белгілі бір дін өкілдерінің сакралдық қатынасын қамтамасыз ететін мәдени жүйе. Діни мәдениеттің идеалды типі құрылымдық тұрғыдан қатаң иерархиялық (пирамида іспеттес) құрылыммен, ал мазмұндық тұрғыдан әлеуметтік-танымдық мазмұнның «сезімнен тысқары» және «сезімдік» жақтар үйлесімін көрсететін қосдеңгейлік күрделі құрылысымен сипатталады. Бұл – философиялық еңбектердегі діни мәдениетке жиі берілетін анықтамалардың бірі. Әрине, бұл жалпы берілген типтік анықтама, алайда Қытай қазақтарының діни мәдениеті де осы анықтамаға сәйкес келеді. Дегенмен әрбір конфессиялық жағынан ерекшеленген қоғамдық бірлік: топ, халық, тип, қабат, страт үшін өзіндік белгілер тән болатыны сөзсіз. Осымен байланысты Қытай қазақтарының діни мәдениеті жалпы мұсылман мәдениетімен, оның ішінде Қазақстандағы қазақтардың дәстүрлі діни мәдениетімен ұқсас болғанымен, оның этникалық, саяси, экономикалық сыртқы және психологиялық, ділдік т.б. ішкі факторларға қатысты

калыптасуы, дамуында көптеген ерекшеліктер бар. Сондықтан да болар Қытайдағы қазақтардың тұрмыс-тіршілігімен қатар, рухани болмысының сыр-сипатын айқындайтын олардың шаруашылығына, Қытай экономикасына үйлестірілген шаруашылық формасына, яғни қазақтардың ауылшаруашылығына, Қытайдың қоғамдық, саяси, әлеуметтік құрылымына қатыстылығына жан-жақты тоқталып, талдау жасауды қажет етеді.

Қазіргі замандағы **діни мәдениет** өмір сүрудің ерекше жағдайларымен, яғни қоғам мен адамда рухани (адамгершілік құндылықтардың), интеллектуалдық (зияткерлік) қасиеттердің, материалдық түрткіжайттардан жоғары тұруымен сипатталатын қоғамдық болмыстың, өркениеттің дамуының ерекше формасы болып табылады. Бұл құбылыс мемлекет пен тұтас қоғамның дамуына аса қажетті негіз болып табылады.

Қытайдың діни мәдениеті осы заманда тоқырауға ұшырап отыр деп көрсетеді көптеген шетелдік зерттеушілер. Сондықтан да мемлекет пен тұтас қоғамның дамуына аса қажет құбылыс ретіндегі діни мәдениеттің қалыптасуы үшін бірегей діннің, монотеистік діннің қаншалықты қажет екенін қазіргі Қытай Халық Республикасының басшылығы түсініп отыр. Ал территориясында ұйып отырған аз санды ұлттардың бірқұдайшылық дінге сыйынуы, осымен байланысты берік бірегейлігі мен конфессиялық бірегейлігі Қытайды қызықтырмай қоймайды. Осыған байланысты батыс әлеуметтанушыларының соңғы жылдарғы бақылаулары бойынша Қытай билігі философиялық, идеологиялық сипаты теологиялық сипатынан басымырақ түсіп отырған Конфуции іліміне қайта оралу да, жұртты әбден жалықтырған, атеизмімен адамды «қуыс қурайға» айналдырған коммунистік идеологияны сақтап қалу да бұндай дінсіздену тығырығынан шығатын жол емес екенін түсінді деп көрсетеді. Сол себепті Қытай территориясындағы әлемдік діндердің бірі Қытай билігі үшін ескі идеологияның орнын басуға жақсы альтернатива болмақ. Сондықтан болашақта ислам немесе христиан діни мәдениетінің Қытайдың жұртшылығы арасында қолдау тауып, таңдалып алынуы ғажап емес деп қорытады зерттеушілер.

Осы тұрғыдан алғанда Қытайдағы қазақтардың діни санасы Қытайдың негізгі ұлтының (қытайлардың) діни сансынан өзгеше. Себебі қытай ұлтының дәстүрлі діни ретінде қарауға болатын конфуцилық ілімнің діннен гөрі идеологияға жақын екенін көптеген зерттеушілер айтып кеткен болатын. Ал ғылыми әдебиеттерде **діни сана** қоғамдық сананың бір формасы ретінде қаралады. Бір жағынан, діни сана қоғамдық болмысты (діндар адам болмысын) көрсетсе, осы болмысты өзі тудырады. Қоғамдық сана құрлымдық элементтерінің қызметі мен өзара әрекетін талдау барысында діннің барлық санаға еніп оның барлық элементтеріне әсер ететіні (ақиқат дүниеге, отбасына, қоғамға деген қатынасын қалыптастыратыны) анықталды. Қоғамға қатысты алғанда дін қоғамдық жүйеішілік жүйе, күрделі құрылым болып табылады. Сөйтіп ол қоғамда тарихи тұрғыдан орны бар өзгеріп отыратын құбылыс ретінде белгілі бір қызметтер атқарады. Сондай-ақ ғылыми әдебиеттерде **діннің** мынадай бірнеше **қызметтері** көрсетіледі:

1) *дүниетанымдық*: дін бұл қызметін қоғамға, табиғатқа қатысты белгілі бір көзқарастар типінің боуымен жүзеге асырады. Діни дүние таным әлем, қоғам, адам тұралы түсініктер қаралатын координаттар жүйесін береді, өмірдің мақсатымен мәнін түсіндіреді. Адам болмысының мәнін кіргізу арқылы дін оған болмыстың шектеулілігінен шексіздікке өтуіне, болашақта жақсы өмірге үміттенуіне, қайғы қасыреттен арылуына мүмкіндік береді;

2) *өтемдік* қызмет адамдардың жағдайаттарға тәуелділігімен олардың алдындағы әлсіздігінің орнын толтырады. Ақиқат дүниедегі қажеттіліктердің қыспағы, мүмкіндіктердің шектеулілігі діндегі рух еркінділігімен өтеледі, әлеуметтік теңсіздік күнәдағы қайғыдағы теңдікпен, қоғамдағы оқшаулық пен бытыраңқылық жамағаттағы бауырластықпен алмастырылады, адамдардың тұрмыстағы немқұрайдылығының орнын имандылық, діни қауымдағы жылы қарым-қатынас басады;

3) діннің *коммуникативтік* қатынасы адам мен адамның, адам мен Құдайдың арасындағы қарым-қатынаспен ақпарат алмасу үдерісінің (процесс) қамтамасыз етеді;

4) *реттеуіштік* қызмет белгілі бір идеялар, құндылықтар, ұстанымдар, пікірлер, ғұрыптар мен дәстүрлер арқылы индивидтер, топтар, жамағаттардың әрекетін, қарым-қатынасын, санасы мен мінез-құлқын басқаруды жүзеге асырады, бұл қызметте діни құқық пен ақылақ ережелері мен нормаларының жүйесі ерекше рөл атқарады. Діндар адам сахабалар мен діни аңыз кейіпкерлерінің өмірін үлгі тұтады;

5) *құрмаластырушы* (интегратив) қызмет жамағат немесе конфессия құрамындағы діндарлар аясында жүзеге асады. Егер жеке тұлғаның діни санасы мен мінез-құлқында бір-біріне үйлеспейтін, үрдістер байқалса, әлеуметтік топтар мен қоғамда бір-біріне қарсы тұратын конфессиялар болса онда дін құрмаластырушы емес керісінше ірітуші қызмет атқарады;

6) *рұқсат етуші-тыйым салушы* қызмет арқылы дін кейбір қоғамдық тәртіптер, инистуттар (мемлекеттік, саяси, құқықтық және т.б.), қатынастар мен үлгілерді дұрыс, оң деп немесе заңсыз, теріс деп заңдастырып бекітуді білдіреді.

Қытай қазақтары сенетін ислам діні де осы қызметтерден көрінеді, яғни ислам діні Қытайдағы қазақтар үшін *дүниетанымдық, өтемдік, коммуникативтік, реттеуіштік, құрмаластырушы, рұқсат етуші-тыйым салушы* қызметтер атқарады. Бұлардың әрқайсысы әртүрлі деңгейден көрінеді. Оған себеп: Қытай діни саясаты ондағы діннің қызметтерін бірде кеңейтсе бірде тарылтады. Немесе дін қызметтерінің бір түрін кең ұстаса, ал енді бір түрін шектемеге ұшыратады. Алайда аталған діннің қызметтерінің барлығы да Қытайдағы қазақтар арасындағы ислам діні тұрғысынан алғанда **солғын** көрінеді. Себебі ондағы ортаның: Қытай мемлекетінің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, оқу-ағарту т.б. бағыттағы саясаты мен қоғамды ұйымдастыру шараларының дінге, жалпы кез келген діннің дамуына, гүлденуіне оң әсер етіп отырған жоқ. Өйткені Қытай дүнияуи ғана

емес, сонымен бірге коммунистік идеологияны негізге алып құрылған мемлекет. Ал коммунистік идеологияның ажырамас бөлігі, бағыты атеизм екені белгілі. Алайда Қытайдағы атеизм мен бұрынғы КСРО-ның атеизмінде айырмашылық жер мен көктей. Егер КСРО кезінде дінге үзілді-кесілді қарсы шығып қана қоймай, оны тамырымен жою әрекеті жүзеге асырылып, діни сананы жаңғыртатын, оның сақталуын қаматамасыз ететін барлық діни атрибутика мен институттар (діни тұлғалар, дін қызметкерлері, діни еңбектер, шіркеу, мешіт) жаппай қолдан жойылуға жеткізілсе (мұндай әрекеттер халықта сырттай да іштей де көрініс тапқан наразылық тудырмай қоймады), ал Қытайдағы атеизм жұмсақ сипатта болды. Азаматтарға діни ғибадаттарды орындауға, қандай да бір дінге сенуге рұқсат етілген, алайда бұл жолға мемлекеттік қызметшілердің түсуін құптау көрмейді, тіпті кейбір ғибадаттарды орындауға оларға мүлдем тыйым салынады, сонымен бірге Коммунистік партия құрамына өткен адам атеистік идеологиялық өңдеуден өтіп, онда діни сананың қалыптасуы мүмкін болмай қалады.

Ал *діни сана* тұрмыстық (қарапайым) және концептуалдық екі деңгейден тұратынын ескерсек, Қытайдың негізгі ұлтының, сонымен бірге аз санды ұлттарының ішінде концептуалдықтан гөрі қарапайым діни сана басымырақ деуге әбден болады. **Қарапайым** немесе тұрмыстық діни сана адамдардың тұрмыстық жағдайының тікелей көрінісі ретіндегі образдар мен түсініктер, стереотиптер мен көңіл күйлер, сезімдер, әдеттер мен дәстүрлер түрінде көрінеді. Бұл деңгейде эмоциялар – сезімдер мен рақат, басым рөл ойнайды, сана нақты көзкөрім образдарға байлаулы келеді. Қарапайым діни сананың компоненттері арасында біршама тұрақтылары, консервативтілері мен тұрақсыз, қозғалыстағылары ажыратылады, біріншілеріне дәстүрлер, салттар мен стереотиптерді, екіншісіне – көңіл күйлерді (намаздағы, тәубедегі) жатқызуға болады.

Әділәлі Жабықбайұлы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, әлеуметтік ғылымдар факультетінің аға оқытушысы, мәдениеттанушы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Шын Күйбің. Ислам дінінің Қытай тарихындағы орны (伊斯兰教在中国历史上的地位 – yisilan jiao zai zhong guo lyshi shang di dyli). Үрімжі, 1996. 234 б.
2. Лю Шың. Қытайдағы ислам дініне сенетін ұлттар (中国信念伊斯兰教的民族 – Zhong guo xin nin yisilan jiao de minzu). Күнмиң, 2000. 328 б.
3. Уаң Зуань. Қытайдың дін мәселесі мен дін саясаты (中国的宗教问题和宗教政策 – zhong guo di zong jiao wntu he zong jiao zheng ci). Пекин, 2002. 406 б.

4. Мафін Иің. Қытай компартиясы дін саясатының Шынжаңда атқарылуы (中国共产党的宗教政策在新疆的趋势– Zhong guo dangdi zong jiao zheng ci zai xin jiang di xiushi). Шынжаң қоғамдық ғылымы журналы. 2005. №1. 128-139 бб.
5. Гуревич П.С. Философия культуры. М.:Аспект пресс, 1995.
6. Кармин А.С. Основы культурологии: морфология культуры. СПб. 1997.